

Шарын ауылдық округінің Шарын ауылындағы көшені қайта атау туралы

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шарын ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 01-26/14 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 18 мамырда № 5527 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес , Шарын ауылдық округінің Шарын ауылы халқының пікірін ескере отырып және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Ұйғыр ауданының Шарын ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шарын ауылдық округінің Шарын ауылындағы "Абдулла Розыбакиев" көшесі " Мирзигуль Насыров" көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шарын ауылдық округінің әкімі

Б. Алгазиев